

ALIKHAN BOKEIKHAN UNIVERSITY

МОДУЛЬДІК БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

8D02303 «Филология» ББ

Семей, 2022 ж.

Филология кафедрасында құрастырылды

Филология кафедрасының отырысында талқыланып бекітілді
Хаттама № 5 19. 02. 2022 ж.

Гуманитарлық факультеттің сапа жөніндегі Академиялық кеңес отырысында қарастырылып бекітілді
Хаттама № 5 23.05.2022 ж.

Университеттің оқу-әдістемелік кеңесінің отырысында бекітілді
Хаттама № 5 27.05.2022 ж.

Университеттің оқу-әдістемелік кеңесінің отырысында қайта қаралды және бекітілді
Хаттама № 1 22.09.2022 ж.

МАЗМҰНЫ

1. ТҮСІНІК ХАТ

2. БІТІРУШІНІҢ КҰЗЫРЕТТІ МОДЕЛІ

3. МББ КІРЕТІН МОДУЛЬ ТІЗІМІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚЫСҚАША МІНЕЗДЕМЕСІ

1. ТҮСІНІК ХАТ

Модульдік білім беру бағдарламасы 8D02303 «Филология» докторантура ББ бойынша философия докторы академиялық дәрежесін алу үшін қажетті құзіреттіліктерді меңгеруге бағытталған және барлық оқу кезеңдеріне арналған оқу модульдерінің бірігуі нәтижесінде құрастырылған.

Модульдік білім беру бағдарламасының нормативтік сілтемелері

- ❖ Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің мемлекеттік стандарты;
- ❖ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығымен бекітілген Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру ережесі;
- ❖ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары.
- ❖ «Alikhan Bokeikhan University» ББ нормативтік құжаттары
 1. МР. 25.10.2022 ж. №4 Редакция "Модульдік білім беру бағдарламасының құрылымы";
 2. "PhD докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмысы туралы ереже "23.08.2022 ж. №4 Редакция
- ❖ БП блогына міндетті компонент пәндері (МК) – 25 кредит; ЖК – 20 кредит және таңдау пәндері (ТК) -5 кредит. Аталған пәндер модульдері келесідей құзіреттіліктер кешенін құрайды: терең ғылыми-теориялық және методологиялық білімді қамтитын кәсіби сапалардың қалыптасуын саралайтын пәндер тізбегі.
- ❖ КП блогына міндетті пәндер компоненттері (МК) – 20 кредит; ЖК- 15 кредит және таңдау компоненттері (ТК) – 5 кредит. Аталған пәндер модульдері бітіруші меңгеруге тиіс негізгі және арнайы құзіреттіліктерді қамтиды: теориялық және эмпирикалық білімдерді қамтитын кәсіби сапаны қалыптастыру, филология мәселелерінің теориялық және практикалық маңызын қамтитын пәндер тізбегі.

Докторанттардың зерттеу тәжірибесіне 10 кредит кіреді. 5 Тағылымдамадан өтуді және докторлық диссертацияны орындауды қоса алғанда, докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмысы-123 кредит. Қорытынды мемлекеттік аттестаттау – докторлық диссертацияны ресімдеуді (10 кредит) және докторлық диссертацияны қорғауды (2 кредит) қоса алғанда, 12 кредит. Қорытынды аттестаттау – докторлық диссертацияны ресімдеуді (10 кредит) және

докторлық диссертацияны қорғауды (2 кредит) қоса алғанда, 12 кредит. Жалпы білім беру бағдарламасы 180 кредитті құрайды.

ББ 6 модульді құрайды.

МББ талқылауына қатысқан әлеуметтік серіктестер:

профессор Нергиз Берай - Түркия, Денизли қ, Памукале университеті,

ф.ғ. д., профессор Жүсіпов Н.К. – С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті

ф.ғ. к., доцент Т. М. Демежанов – «Семей қаласы, Шәкәрім атындағы университет» .

8D02303 «Филология» ББ мақсаты:

Мақсаты – филология ғылымының өзекті мәселелерінен жан-жақты хабардар, лингвистика және әдебиеттанудың теориялық мәселелерін бағамдай білетін, өз беттерінше ой қорытып, ізденуге қабілетті ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрлар даярлау; білім алушыларды мазмұны филология ғылымдарының жаңа жетістіктері болып саналатын лингвистиканың және әдебиеттанудың іргелі теориялық негізіне бағытталған негізгі курстар бойынша жүйелі біліммен қамтамасыз ету.

ББ күтілетін нәтижелері:

- 1 Қазіргі заманғы отандық, орыс және шетел тіл білімі мен әдебиеттанудың өзекті мәселелері саласында кәсіби құзыреттілікті кеңейту және тереңдету;
1. Тіл білімі мен әдебиеттану саласындағы қазіргі отандық және шетелдік ғылыми жетістіктерді сын тұрғысынан бағалау;
2. Гуманитарлық ойлауды қазіргі заманғы маманның кәсіби мәдениетінің элементі ретінде әлеуметтік институттарды, үдерістер мен қарым-қатынастарды басқаруда әлеуметтік шындыққа, жалпы әлемге шығармашылық, сезімдік-бейнелі және көркем қарым-қатынастың әмбебап антропософиялық өлшемдері негізінде дамыту;
3. Инновациялық технологияларды қолдана отырып, ББ бойынша педагогикалық және оқытушылық қызметті жүзеге асыру; жеке кәсіби және жеке даму міндеттерін жоспарлау және шешу, жоғары оқу орындарындағы оқу процесін басқару; білім беру процесін және мамандарды кәсіби даярлау процесін жобалау;
4. Ғылыми салада жазбаша және ауызша сөйлеу дағдыларын қалыптастыру, ғылыми сөйлеуді түсіну және ғылыми бағыттағы әдебиеттерді оқу, ғылыми зерттеудің заманауи әдістемелері мен әдістерін ғылымның жаңа жетістіктерімен сәйкестендіру және байланыстыру, эксперимент нәтижелерін өңдеу және түсіндіру дағдыларын меңгеру;

5. Білім алушылардың ең маңызды шығармалармен танысу барысында зерделенетін өнер түрлері мен жанрларын анықтау, эстетикалық қажеттіліктерді, эстетикалық сана және қызмет түрлерін жіктеу және сипаттау;
6. Жоғары әлеуметтік және эстетикалық құндылықтарға, гуманистік педагогика идеяларына бейімділігін растау;
7. Өзінің азаматтық ұстанымын қалыптастыру үшін қазақстандық және әлемдік қоғамның тарихи және ғылыми дамуының негізгі кезеңдері мен заңдылықтарын талдау, білім алушылардың мәдени және тілдік қажеттіліктерін іске асыру үшін қолайлы білім беру ортасын дамытуға ықпал ету.

2. БІТІРУШІНІҢ ҚҰЗЫРЕТТІ МОДЕЛІ

Оқыту нәтижелері үшінші деңгейдегі Дублиндік дескрипторлар (докторантура) негізінде айқындалады және құзыреттер арқылы көрсетіледі. Оқыту нәтижелері үшінші деңгейдегі Дублиндік дескрипторлар (докторантура) негізінде айқындалады. Оқыту нәтижелері бүкіл бағдарлама деңгейінде де, модуль, жеке пән деңгейінде де тұжырымдалады. Еуропалық жоғары білім беру кеңістігі Біліктіліктің кешенді негіздері шеңберіндегі үшінші деңгейлі дескрипторлар білім алушының қабілеттерін көрсететін оқыту нәтижелерін айқындайды.

8D02303 «Филология» ББ болашақ үшін ұсынған бағдарламаларын межелей отырып атқаратын жұмысында қазіргі заманғы ақпаратты-коммуникативтік технологияларды пайдалана алатын, универсалды және жоғары кәсіби құзыреттілікті мамандарды дайындау.

«Филология» білім беру бағдарламасының мақсаты мен міндеттері университеттің аумақтың индустриалды-инновациялық дамуына бағытталған көп салалар бойынша жоғарғы және ЖОО кейінгі білім беру миссиясына сәйкес келеді.

Аталған оқу орнының бітірушілері білімді де білікті оқытушылардан дәріс алып, білімін, біліктілігін, кәсіби шеберлігін шыңдайды.

Нарық жағдайында бітіруші докторанттарға қойылатын талаптар:

- Бәсекеге қабілеттілігі;
- Білім беру сапасының жоғары болуы;
- Кәсіби шеберлігі;
- Әдістемелік жұмыстағы шеберлігі.

8D02303 «Филология» докторантура ББ бойынша құзіреттілігі құзіреттіліктің екі түрімен анықталады:
I НЕГІЗГІ ҚҰЗІРЕТТІЛІК

II КӘСІБИ ҚҰЗІРЕТТІЛІК

I НЕГІЗГІ ҚҰЗІРЕТТІЛІК- негізгі құзіреттілік сала ерекшелігіне қарамастан барлық мамандар бойынан табылу керек деп қарастырылған, себебі құзіреттілік маман біліктілігінің негізін құрайды. Негізгі құзіреттілік үшке бөлінеді:

- Ақпараттық құзіреттілік;
- Коммуникативтік (қатысымдық) құзіреттілік;
- Әлеуметтік құзіреттілік.
- Бағдарламалық құзіреттілік

Коммуникативтік құзіреттілік - Ғылыми ұжымда жұмыс істеуді, ғылыми кәсіптік қызметте коммуникацияны жүзеге асыруда, ғылыми-зерттеу үдерісінің және ғылыми зерттеу іс-әрекетінің ұйымдастыру ақпаратын меңгеру. Комуникативті өрісті игеруде кәсіби құзыреттіліктің тілдік параметрлерін еркін меңгере білумен қатар, сөйлеу мәдениетінің жоғары дейгейін көрсете отырып, ауызша және ғылыми сөйлеудің адекватты стилін таңдай алуы және логикамен байланыстыруы.

Әлеуметтік құзіреттілік – Шешім шығаруды және оның жүзеге асуына ат салысуда, өзінің мүддесін өндіріспен қоғамның талаптарымен байланыстыра алууды, ресми және бейресми жағдайда этикет ережелерін, қарым-қатынас мәдениетін сақтай білуі.

Бағдарламалық - пәндік, психологиялық-педагогикалық және әдістемелік білімдер жүйесін, нақты әлеуметтік педагогикалық жағдайды ескере отырып кәсіби қызметте теориялық білімдерді қолдана алу біліктері мен дағдыларын меңгеру, педагогтың кәсіби парызын ұғыну, педагогикалық қызмет нәтижесіне жауапкершілікпен қарау;

II КӘСІБИ ҚҰЗІРЕТТІЛІК– Кәсіби құзіреттілік деп педагогтің жеке бас сапалары мен оның психологиялық-педагогикалық және теориялық білімінің, кәсіби біліктілігі мен дағдысының, тәжірибесінің бір арнада тоғысуы. Кәсіби құзіреттілік жеке тұлғаның кәсіби іс-әрекетті атқаруға теориялық, практикалық әзірлігі мен қабілеттілігінің бірлігі. Кәсіби құзіреттілік үшке бөлінеді:

- Арнайы кәсіби құзіреттілік;
- Педагогикалық-психологиялық құзіреттілік.
- Зерттеушілік құзыреттілік.

Арнайы кәсіби құзіреттілік :

- Лингвистиканың\әдебиеттанудың терминологиялық-ұғымдық аппаратын, негізгі теориялық әдістемелік ұстанымдарын меңгеру;
- Қазіргі ғылым парадигмасының лингвистиканың және әдебиеттанудың өзекті бағыттарын, олардың маңызды мәселелері мен жетістіктерін білу;
- Тіл бағдары деңгейінде кем дегенде бір шет тілін еркін меңгеру керек;
- Әдеби тіл және әдеби үрдіс бағыттары;
- Әдебиеттану ғылымының әдістері, сондай-ақ шектес ғылымдардың тұжырымдамалық және әдістемелік аппаратын пайдалану;

Зерттеушілік: гнесеология, әдіснама, педагогика және психология саласындағы білімдерді меңгеру, ақпараттарды басқару дағдылары мен біліктерінің болуы, психологиялық-педагогикалық диагностика, талдау және синтез негізінде кешенді мониторингті жүзеге асыру, педагогикалық рефлексияға қабілетті болу, зерттеу мәдениетін жетілдіруге ұмтылу.

№1 кесте. Арнайы құзыреттіліктерді қалыптастыру барысындағы пәндерді игеру тізбегі

№	Құзіреттілік	Міндетті, элективті пәндер тізбегі және әр оқыту траекториясы бойынша оқыту тізбегі		Күтілетін нәтиже
		Пәндер тізімі	Оқыту тізбегі (сем.)	
1	Бағдарламалық, коммуникативтік құзыреттілік	Сөз мәдениеті мен жалпы сөзтану мәселелері	1	<p>Білу керек: интегративтік типті зерттеудің жаңа бағыты ретінде сөзтану ғылымының тұтас жүйелік тұжырымдамасын таныстыру; білім алушылардың тілдегі қарым-қатынастың әртүрлі формаларының даму тенденциялары туралы жүйелік көзқарастарын қалыптастыру.</p> <p>Меңгеру керек: сөзтану ғылымының негізгі ұғымдары мен категориялары бойынша теориялық және әдістемелік мәселелерді</p>

				<p>менгереді, тілдегі қарым-қатынастың түрлі даму тенденцияларын пәнаралық бағытта (психоллингвистикамен, философиямен, нейролингвистикамен, логикамен) игереді; - лингвистикадағы әртүрлі тілдесім түрлеріне экстралингвистикалық және лингвистикалық факторлардың ықпал ету дәрежесін ажырата алады;</p> <p>Дағдылану керек: тілдік бірліктердің нақты сөйлеу жағдаятындағы және белгілі бір тілдесу аясындағы қызметінің нақты фактілерін талдайды, тілдегі әртүрлі тілдесім формаларының даму үдерістерін болжай алады, тілдегі тіл бірліктерінің қызметінің нақты фактілерін талдау мен бағалау нәтижелерін дәйектейді, сөзтанудың көкейкесті мәселелері бойынша тезис, докторлық диссертация, филологиялық комментарийлер, ғылыми жобалар жазуға дағдыланады.</p>
2	Бағдарламалық құзыреттілік	Әдеби зерттеулердің теориялық және методологиялық негіздері	1	<p>Білу керек: Білім алушыларды әдебиеттану саласындағы зерттеулердің теориялық-әдіснамалық негіздерімен таныстыру, әдебиеттану ғылымының даму заңдылықтарын, әдеби құбылыстардың қазіргі заманғы әдіснамалық тұжырымдамалары мен зерттеу бағыттарын білу.</p> <p>Меңгеру: оқытудың заманауи әдістерін тәжірибеде қолдануға үйрету және сол арқылы кәсіби дамуына ықпал ету. Пәнді оқытуда білім алушыларға әдебиеттанудың теориялық</p>

				<p>негіздері, мәдениеттану және идеологиялық парадигмалар ауысуы жағдайындағы даму кезеңдері, әдебиеттанудың теориялық тұжырымдамалары туралы толық ғылыми ақпарат меңгереді.</p> <p>Дағды: Теориялық жұмыстарды талдау үдерісінде қазіргі әдебиеттану саласындағы зерттеулердің теориялық және әдіснамалық нәтижелері мен негізгі бағыттарының қорытындыларын қолдану дағдыларын дамытады.</p>
3	Арнайы кәсіби құзыреттілік	Салыстырмалы лингвистика және аударма: олардың байланысы	2	<p>Білу: екі, кейде бірнеше тілді жалғастыра зерттеп, олардың құрылымдық деңгейіндегі жақындығы мен айырмашылығын айқындау. Контрастивтік лингвистиканың ертеректегі мәліметтері ана тілімен салыстыра отырып, шет тілінің ерекшеліктерін байқаумен байланыстылығы туралы докторанттарға түсінік қалыптастыру.</p> <p>Меңгеру керек: Контрастивтік лингвистика әдетте тілдің синхрондық материалдарына сүйенеді.</p> <p>Дағдылану керек: Тілдің әр түрлі деңгейіне қатысты еңбектердің сан жағынан көбі контрастивтік грамматикаға, аз мөлшерде контрастивтік фонологияға, одан аз мөлшерде Контрастивтік лексика жүйесіне байланысты болады. Тілдегі тіл бірліктерінің қызметінің нақты фактілерінің анализі мен бағалау нәтижелерін дәйектеу дағдысын қалыптастыру.</p>

4	Арнайы кәсіби құзыреттілік	Лингвистикалық аспектідегі мәтін және дискурс	2	<p>Білу керек: Лингвистикалық аспектідегі мәтін және дискурс пәні мәтін және дискурс ұғымдарына тіл білімінде берілген анықтамаларды, олардың зерттелу деңгейін, мәтін түрлері мен типтерін, дискурс типологиясын білу.</p> <p>Меңгеру керек: мәтінді зерттеу бағыттары мен әдіс-тәсілдерін, мәтінді талдау мен мәтінді тану оның түзілімі мен құрылымын саралау, мәтінжасам барысындағы тілдік бірліктердің қызметін меңгеру.</p> <p>Дағдылану керек: дискурс пен мәтіннің айырмашылығы, дискурстық талдау сияқты мәселелерді игеруге дағды қалыптастырады.</p>
---	----------------------------	---	---	---

2 кесте. Әлеуметтік-кәсіби өзара қарым-қатынасты пәндерді игеру тізбегі

Курс	Қамтамасыз ететін пәндер	Құзыреттілік	Күтілетін нәтиже
1	2	3	4
Базалық пәндер Міндетті компонент			
1	XX ғ. екінші жартысы мен XXI ғ басындағы қазақ филологиясының ғылыми басымдықтары	Бағдарламалық құзіреттілік	Білу керек: докторанттардың интегративтік типті зерттеудің жаңа бағыты ретінде сөзтану ғылымының тұтас жүйелік тұжырымдамасын таныстыру; білім алушылардың тілдегі қарым-қатынастың әртүрлі формаларының даму тенденциялары туралы білуі.

			<p>Меңгеру керек: сөзтану ғылымының негізгі ұғымдары мен категориялары бойынша теориялық және әдістемелік мәселелерді меңгереді, тілдегі қарым-қатынастың түрлі даму тенденцияларын пәнаралық бағытта (психоллингвистикамен, философиямен, нейролингвистикамен, логикамен) игереді, лингвистикадағы әртүрлі тілдесім түрлеріне экстралингвистикалық және лингвистикалық факторлардың ықпал ету дәрежесін ажырата алады, тілдік бірліктердің нақты сөйлеу жағдаятындағы және белгілі бір тілдесу аясындағы қызметінің нақты фактілерін талдайды;</p> <p>Дағдылану керек: тілдегі әртүрлі тілдесім формаларының даму үдерістерін болжай алады, тілдегі тіл бірліктерінің қызметінің нақты фактілерін талдау мен бағалау нәтижелерін дәйектейді, сөзтанудың көкейкесті мәселелері бойынша тезис, докторлық диссертация, филологиялық комментарийлер, ғылыми жобалар жазуға дағдыланады.</p>
1	Академиялық хат	Коммуникативтік, әлеуметтік құзыреттілік	<p>Білу керек: Бұл пән бойынша академиялық жанрлардың (аннотациялар, реферат, аналитикалық</p>

			<p>шолу, сонымен қатар ғылыми оқиға (конференция) туралы хабарламалар) теориялық мәселелері қарастырылады. Аналитикалық мәтінді өңдеудің негізгі мақсаттары, кәсіби тақырыптағы мәтіндерді талдау, мәтінді талдау әдістемесі, мәтінмен жұмыс істеу, оның ішінде анықтамалық, арнайы әдебиеттер мен компьютерлік желілердегі ақпаратты іздеу әдісі, ғылыми, ғылыми-техникалық және ғылыми-көпшілік мәтіндерге стильдік талдау т.б. мәселелерді білу.</p> <p>Меңгеру керек: Эссе мен ғылыми мақалаларды стилистика мен композиция, автордың зерттеу стратегиясы тұрғысынан талдай білу;</p> <p>Дағдылану керек: ғылыми мақалалар мен монографиялардың конспектілері, аннотациялары мен рефераттарын, сондай-ақ рецензиялар мен эсселерді өз бетінше жасау дағдыларына ие болу.</p>
1	Ғылыми зерттеу әдістері	Зерттеушілік күзіреттілік	<p>Білу керек: Бұл пәнді оқып үйренуде ғылымның тарихи дамуы, қазіргі ғылыми зерттеулердегі филологияның негізгі әдіснамалық тұжырымдамалары мен өзекті аспектілері түсіндіріліп, қарастыру көзделеді. Докторанттар теориялық және эксперименттік</p>

			<p>зерттеулер жүргізу әдістемесін оқып үйреніп, ғылыми білімді (материалдарды) жинау және өңдеумен айналысады.</p> <p>Меңгеру керек: Докторанттарды ғылыми білім мен теориялық және эксперименттік зерттеу әдістемесін зерттеуге, жинауға және өңдеуге үйретеді. Ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізуде қазіргі заманғы әдістерді қолданады, ғылыми зерттеу жұмыстарының нәтижелерін өңдеп, жүйелеп, салыстырып талдау дағдыларын қалыптастырады.</p> <p>Дағдылану керек: Пәнді меңгеру барысында ғылыми зерттеудің заманауи әдістері қолданылады, ғылыми зерттеу қызметінің нәтижелерін жүйелеу және өңдеу, салыстырмалы талдау дағдылары қалыптасады.</p>
1	Педагогикалық тәжірибе	Зерттеушілік күзіреттілік	<p>Білу керек: жоғары білім беру жүйесінің қызмет етуінің құқықтық-нормативтік негіздерін; университеттегі оқу-әдістемелік, оқу-әдістемелік және ғылыми жұмысты жетілдіру бойынша университет қызметін реттейтін негізгі ережелер мен құжаттарды іске асыру тәртібі, ғылыми-педагогикалық қызметті модельдеудің заманауи</p>

			<p>тәсілдері, оқытудың жаңа технологияларын пайдалана отырып, оқу процесін жоспарлауды, өткізуді және қамтамасыз етуді ұйымдастыру тәртібін, экономикалық университеттегі ғылыми-педагогикалық процесті ұйымдастырудың негізгі принциптері, әдістері мен формалары.</p> <p>Меңгеру керек: пәндік материалды ұсыну кезінде оқу үдерісін жетілдіру құралы ретінде өзіңіздің ғылыми зерттеулеріңізді тарту мүмкіндігін қоса алғанда, ғылыми-зерттеу және оқу үдерістері арасындағы байланысты пайдалану, оқу процесін жобалау және ұйымдастыру бойынша әдістемелік жұмыстарды жүргізу, ғылыми білімді оқу материалына құрылымдау және сауатты түрлендіру.</p> <p>Дағдылану керек: жоғары оқу орнындағы ғылыми-әдістемелік және оқу-әдістемелік жұмыс дағдылары, өткізу әдістемесі мен технологиясы (дәрістер, семинарлар, практикалық сабақтар, пән).</p>
1	Қазіргі тіл білімінің негізгі параметрлері: антропоцентризм; функционализм; экспансионизм; когнитивизм.	Арнайы кәсіби құзыреттілік	Білу керек: Практикалық әдістерін жасауды, яғни жазу мәселесін дамытуды, ауызекі сөйлеудің транскрипциялық жүйесін құруды, шетел сөздерінің транск.жасауды,

			<p>стенорграфилық тәсілдерін дамытуды, арнайы лингвистикалық сөздіктер шығаруды, тарихи ескерткіштерді таңба жазуларды айқындауды, ғылыми техникалық терминдердің қалыптастыру т.б. іс шараларды қамтиды.</p> <p>Меңгеру керек: докторанттардың Еуропа әдебиеті туралы білім жүйесін антикалықтан бүгінгі күнге дейін тереңдету:</p> <p>Дағдылану керек: әлемдік әдебиеттің көркем шығармаларының мәтіндерін нысаны мен мазмұнының бірлігінде қарау, сондай-ақ оларды нақты-тарихи және жалпы адамзаттық маңызы тұрғысынан талдау дағдыларын қалыптастыру.</p>
2	Зерттеушілік іс-тәжірибесі	Зерттеушілік күзіреттілік	<p>Білу керек: ғылыми зерттеу процесін ұйымдастыру, жоспарлау және жүзеге асыру, зерттеу саласындағы практикалық мәселелерді шешу үшін заманауи ғылыми құралдарды қолдану; әртүрлі көздерден алынған ақпаратты талдау және өңдеу, ғылыми зерттеулер жүргізу кезінде заманауи бағдарламалық құралдарды пайдалану, зерттеу саласындағы әртүрлі теориялық тұжырымдамаларды талдау, бағалау</p>

			<p>және салыстыру және қорытынды жасау.</p> <p>Меңгеру керек: ғылыми материалды жинау, талдау және қорытындылау әдістері, ғылыми зерттеулерді өз бетінше жүргізу, докторлық диссертацияны дайындау бойынша дәлелді ұсыныстар мен ғылыми идеяларды әзірлеу, заманауи ғылыми құралдарды пайдалана отырып, ғылыми модельдеу, рецензияланатын журналдарда ғылыми мақалаларды жариялау.</p> <p>Дағдылану керек: халықаралық конференцияларда ғылыми баяндамалармен көпшілікке арналған презентациялар дайындау, ғылыми жазу және ғылыми коммуникация, ғылыми зерттеу процестерін жоспарлау, үйлестіру және енгізу, зерттеу саласын жүйелі түрде түсіну және таңдалған ғылыми әдістердің сапасы мен тиімділігін көрсету.</p>
Ғылыми –зерттеу жұмысы (ДФЗЖ)			
Докторлық диссертацияның және тағылымдаманың орындалуын қамтитын докторанттың ғылымизерттеу жұмысы (ДФЗЖ)	Ғылыми-педагогикалық құзыреттілік	Зерттеу құзыреттері	Білу керек: зерттеу саласын жүйелі түсіну, зерттеу саласындағы әртүрлі теориялық тұжырымдамалар және қорытынды жасау; жаңа ғылыми идеялар, ғылыми білімнің шекараларын

		<p>Зерттеушілік;</p>	<p>кеңейте отырып, өз білімдері мен идеяларын ғылыми қоғамдастыққа жеткізу;</p> <p>Меңгеру керек: Ғылыми зерттеулер процесін ұйымдастыра, жоспарлай және іске асыра білу; дербес ғылыми зерттеуді талдай білу, жүргізу, қазіргі заманғы теориялық-әдіснамалық тұжырымдамаларды нақты ғылыми-тарихи мәселені шешуге бейімдеу, қазіргі заманғы теориялар мен талдау әдістері негізінде академиялық тұтастықпен сипатталатын негізгі теориялық-әдіснамалық мектептер мен бағыттарды, модельдерді интерпретациялау және түсіндіру; таңдау және тиімді зерттеудің заманауи әдістемесін қолданыңыз;</p> <p>Дағдылану керек: диссертация, ғылыми тағылымдама тақырыбы бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарының үдерістерін жоспарлау, болжау, үйлестіру және іске асырудың негізгі дағдыларын меңгеру, тарих ғылымының соңғы жетістіктерін түсіну және бағалау, зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми жарияланымдар дайындау, докторлық диссертация жазу,</p>
--	--	----------------------	---

			ҒЫЛЫМИ жазу және ҒЫЛЫМИ коммуникацияны зерттеу; зерттеу саласын жүйелі түсіну жұмыстардың сапасы мен нәтижелілігін көрсету
--	--	--	---

Білім беру бағдарламасына кіретін модульдер тізімі

Модуль №	Модуль атауы	Модульға енетін пәндер тізімі	Блок	семестр	Кредит саны	Бақылау формасы	Модуль бойынша барлық кредит
М 1	Ғылыми зерттеулердің әдістері мен аспектілері	XX ғ. екінші жартысы мен XXI ғ басындағы қазақ филологиясының ғылыми басымдықтары	БП ЖК	1	5	Емтихан	15
		Педагогикалық практика	БП ЖК	1	10	Диф.есеп	
М 2	Қазіргі кезеңдегі ғылым мен білімнің интеграциясы	1.Сөз мәдениеті мен жалпы сөзтану мәселелері 2.Әдеби зерттеулердің теориялық және методологиялық негіздері	БП ТК	2	5	Емтихан	10
		Қазіргі тіл білімінің негізгі параметрлері: антропоцентризм; функционализм; экспансионизм; когнитивизм	ТК КП	1	5	Емтихан	
М 3	Зерттеу жұмыстары	Академиялық хат	БП ЖК	2	5		10
		Ғылыми зерттеу әдістері	БП ЖК	2	5	Емтихан	
М 4	Филология мәселелерін зерттеу	1.Салыстырмалы лингвистика және аударма: олардың байланысы 2. Лингвистикалық аспектідегі мәтін және дискурс	КП ТК	2	5	Емтихан	15
		Зерттеушілік іс-тәжірибесі	КП ЖК	3	10	Диф.есеп	
М 5	Диссертация	Докторлық диссертацияның және	ДҒЗЖ	1-6	123	Диф.есеп	123

		тағылымдаманың орындалуын қамтитын докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы (ДҒЗЖ)					
М 6	Қорытынды аттестация	Докторлық диссертацияны рәсімдеу Докторлық диссертацияны қорғау	ҚА	6 6	10 2	Қорғау	12
	Жиыны:				180		180

Белгілер:

БП – базалық пәндер

ЖК – ЖОО компоненті

ТК – таңдау компоненті

КП – кәсіптендіру пәндері

ДҒЗЖ – Докторлық диссертацияның және тағылымдаманың орындалуын қамтитын докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы **ҚА** – қорытынды аттестация